

Нотариустардың құқықтық дәрежесі

- «Нотариат туралы» заңның 6 бабына сәйкес жоғары заң білімі бар, әділет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан, нотариуста кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған, Қазақстан Республикасының азаматы нотариус бола алады.

Өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен соттылығы алынған, белгіленген тәртіппен іс - әрекет жасауға қабілетсіз немесе іс әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі деп танылған адам нотариус бола алмайды. Сонымен қатар, өзіне қатысты ақталмайтын негіздер бойынша. Қылмыстық іс тоқтатылған, лицензиясы кері қайтарылып алынғандықтан немесе нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңдарының бұзылуына жол бергені үшін, мемлекеттік нотариус қызметінен босатылғандықтан, нотариаттық қызметті тоқтатқан адам да, осындай оқиға болғаннан кейін 3 жыл бойы нотариус бола алмайды

Нотариустардың құқықтары бекітілген, яғни нотариус құқылы

- Нотариустар мынандай қызметтер, яғни клиенттердің құжаттарын бекіту және нөмірлеу және құжаттардың көшірмелерін т.б. бекітумен айналысады. Нотариустардың құқықтарына сондай ақ көмекшілері мен сынақтан өтушілерін игеру құқығын жатқызуға болады. ҚР азаматы ғана нотариустың көмекшісі бола алады. Оған арнайы білім талаптары қойылмаған. Азаматтық заңнаманың жалпы ережесі бойынша, ол толық әрекетке қабілетті болуы тиіс. Нотариустың көмекшісі нотариустың тапсырмаларын, нотариустың нұсқауымен және жауапкершілігімен орындауға құқылы. Нотариустың нұсқауымен берілген тапсырмаларға Клиентпен ұсынылған құжаттарды тексеру, мәмілелерді жасау түрлерін қарау, нотариустың болмауына байланысты нотариалдық құжаттарды алу уақытын клиенттер үшін маңыздылығын талқылау. Статистикалық есеп тапсыру үшін мәліметтерді дайындау, кіріс және шығыс жіберілімдерін тіркеу, істің наменклатурасы бойынша құжаттарды тігу, телефон байланыстары бойынша хабарламаларды қабылдау, құжаттарды тізімдеу және әзірлеу жатады. Көмекші шарттық төлем немесе жалақы ала алады. Қазақстан Республикасының нотариустың көмекшісі жоғары заң білімін игеруі тиіс.

- Жоғары заң білімі бар және аттестаттаудан өткен, ҚР азаматтары нотариустың сынақтан өтушілері бола алады. Сынақтан өтушілер сынақтан өту туралы шарт негізінде бір жыл мерзімге жеке тәжірибемен айналысатын нотариустарда немесе мемлекеттік нотариустарда сынақтан өтеді.

Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар адамдар үшін аумақтық әділет органы мен нотариаттық палатаның бірлескен шешімімен сынақтың мерзімі қысқартылуы мүмкін. Сынақтың ұзақтығы үш айдан кем болмауы керек

- Нотариалдық қызмет – құқық қорғау мақсатын көздейтін коммерциялық емес заң қызметінің бір түрі болып табылады. Сол себепті нотариаттық іс-әрекет кәсіби қызмет ретінде қарастырылмауы тиіс. Бірақ соңғы кезде өзінің материалдық жағдайын жақсартуды тілейтін жекеше нотариустардың саны артуда. Бұның өзі қоғам алдында нотариустардың негізгі мақсаты мен қызметіне күмән туғызады. Жоғарыда аталған норма нотариустарға кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салады. Алайда 2001 жылдың 24 желтоқсанында заң шығарушы орган «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жекеше нотариус жеке кәсіпкер болып табылатындығы туралы толықтырулар енгізілді. Ал бұл бір Заңның ішінде екі құқықтық нормалардың арасында қайшылықтың пайда болуына әкеп соқтырды. Тек 2003 жылдың 5 мамырдағы заңымен 15 баптың 6 тармағы алынып тасталды.

- Нотариаттық мәмілелерді куәландыру, куәліктер беру және басқа құжаттарды куәландыру, сондай-ақ оларға куәландыру жазбалары «Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы» Нұсқаулықтың талаптары және 6.38-72 Мемлекеттік стандартының негізгі ережелері мен талаптары ескеріле отырып жазылуы тиіс. Құжаттарды есепке алу және олардың орындалуына бақылау жасау үшін нотариат кеңселері мен жекеше нотариустар хат-хабарлардың кіріс және шығыс журналын жүргізуі тиіс.

- Осылайша, нотариаттық іс-әрекеттердің құпиясын қамтамасыз ету мақсатында нотариустың азаматтарды қабылдау үшін жеке бөлмесі болуы керек. Бұл мақсатта нотариаттық іс-әрекеттер жөніндегі мәліметтер мен құжаттар тек соттың, алдын-ала тергеу мен анықтау органдарының жазбаша талабы бойынша ғана беріледі, сонымен бірге нотариустың қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға өкілеттілігі бар прокуратура, әділет органдарына және нотариалдық палаталарға беріледі. Аталған сұраулар жазбаша нысанда жасалып, барлық қажетті реквизиттерді сақтауы тиіс (сұрау жіберілетін органның атауы, сұраудың номері мен күні, іс туралы мәліметтер және т. б.).

Назарларыңызға
Рахмет